

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Жастар және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 16 шілдедегі N 1119

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 16 қыркүйекте Баку қаласында қол қойылған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Жастар және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы мәселе бойынша қабылдаған шешімін Әзірбайжан Тарапына хабарласын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасының Үкіметі арасындағы Жастар және
спорт саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі қарай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,
екі уағдаласушы Тараптың арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуда өз
ниеттерін растай отырып және осы елдер халықтары арасындағы дәстүрлі достық
байланыстарды дамытуға тілек білдіре отырып,
жастар және спорт саласында тығыз қарым-қатынастар мен

ынтымақтастық орнату жас ұрпақ арасында туыстық қарым-қатынастардың
нығаюына жәрдемдесетініне және олардың арасындағы өзара
түсіністіктің күшеюіне қызмет ететініне кәміл сене отырып,

мына төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Тараптар жастар байланыстарының нығаюы мен дамуына және екі елдің жастар ұйымдары арасындағы ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдеседі.

2-бап

Тараптар спорт ұйымдарының арасындағы ынтымақтастыққа және олардың екі елде өткізілетін спорт шараларына қатысуына жәрдемдеседі.

3 - б а п

Тараптар олардың арасындағы жастар және спорт саласындағы байланыстар мен ынтымақтастықты дамытуға негізінен мыналар арқылы жәрдемдесетін болады:

а) мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар және жастар мен спорт саласында қызмет көрсететін жеке тұлғалар арасындағы ынтымақтастыққа, байланыстар мен өзара алмасуларға жағдайлар жасау;

б) бірлескен жастар және спорт шараларын өткізу үшін және жәрдем көрсету үшін екінші Тараптың жағдайларымен және мүмкіндіктерімен танысу;

в) жастар және спорт саласында оқыту әдістемесі мен басқа да материалдар, бірлескен бағдарламалар дайындау және оларды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастыққа және өзара алмасуға жағдайлар жасау;

г) бірлескен шараларды өткізу үшін қаржы мен керек-жарақтар бөлу.

4 - б а п

Тараптар, өздері мүдделілік танытып отырған мәселелер алмасуды қоса алғанда жастар және спорт проблемаларымен айналысатын зерттеу ұйымдарының немесе орталықтарының арасындағы тікелей байланыстарды дамыту үшін жағдайлар жасайды ж ә н е ж ә р д е м д е с е д і .

5 - б а п

Тараптардың әрқайсысы өзінің мақсаты осы Келісімнің ережелерін өз аумағында

жүзеге асыру болып табылатын қызметті ұйымдастыру үшін ақпарат қызметін құруға жәрдемдесетін болады және өз елінің заңдары шеңберінде осы қызметтің атқарылуына жағдайлар жасайды. Ақпарат қызметі жастар және спорт саласындағы проблемалар жөнінде шыққан газеттер, журналдар, кітапшалар алмасуды, сондай-ақ асы саладағы

баспа ұйымдары арасындағы тікелей ынтымақтастықты қамтиды.

6-бап

Тараптар спорт құрал-жабдықтары мен мүкәммалын шығару, спорт ғимараттарын жоспарлау, салу, жаңғырту және пайдалану саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады, жарыстар мен оқу-жаттығу жиындарын өткізуге және спортшылар мен жаттықтырушылар алмасуға жағдай жасайды.

7-бап

Тараптар осы Келісімдегі салаларды қамтитын фестивальдарға, конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға, конкурстарға, көрмелерге, кездесулерге, жиындарға және турнирлерге қатысуға жәрдемдеседі.

8-бап

Осы Келісімде қамтылған қызметтің барлық түрлері. Тараптардың қолданыстағы заңдары мен басқа да заң актілеріне сәйкестендірілуі және жүзеге асырылуы тиіс.

9-бап

Тараптардың өкілетті уәкілдері қажет болған жағдайда немесе екінші Тараптың өтініші бойынша осы Келісімді қарау үшін және іске асыру үшін кездесетін болады.

1 0 - б а п

Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік

процедураларды Тараптардың әрқайсысының орындағаны туралы соңғы мәлімдеме алынған күннен бастап күшіне енеді.

Бір Тарап екінші Тараптың осы Келісім қолданысын тоқтатқысы келетіндігі туралы жазбаша мәлімдемесін алған күннен кейін алты айдан соң Келісім өз күшін жояды.

Баку қаласында 1996 жылғы 16 қыркүйекте екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде жасалды. Барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының	Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін